

**Қызылсу ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 28 қарашадағы № 8 "Қызылсу ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 желтоқсанда № 5729 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Қызылсу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылсу ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 28 қарашадағы № 8 "Қызылсу ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-12-70 тіркелген, 2008 жылы 29 желтоқсанда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына және Сарысай, Қызылсу елді мекендері тұрғандарының пікірін ескере отырып 2008 жылғы 28 қазандағы № 1, № 2 конференциясы хаттамасына сәйкес, Қызылсу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылсу ауылдық округінің әкімі*

*Р. Кенжебаев*